

#БРИФИНГ

Кене маусымы: алғашқы деректер не дейді?

✍ Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Облыста 2026 жылғы 8 сәуірдегі мәлімет бойынша кене шаққан 14 жасқа дейінгі 38 бала медициналық көмекке жүгінген. Бұл жалпы көрсеткіштің 42,2%-ын құрайды. Облыс көлемінде эндемиялық аумақтарда 90 адам дәрігерге қаралған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 14 жағдайға көбейіп отыр (2025 жылы – 76 адам).

Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ШҚО бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәуле Слямғазина мәлімдеді.

Мамандар кене шағудың жиілеуін көктемнің ерте келуімен және ауа райының күрт жылынуымен байланыстырады.

– Кене шаққан азаматтардың 93,3%-ы немесе 84 адам серопротектормен қамтылды. Ал қалған 6 адам түрлі себептермен иммуноглобулин алған жоқ. Атап айтқанда, олардың үшеуін кене эндемиялық емес аумақта шаққан, бір адам дәрігерге кеш жүгінсе, тағы бір адам бұрын иммуноглобулин салдырыпты. Қазіргі уақытта облыс аумағында кене арқылы таралатын инфекциялар тіркелмеген. Дегенмен, көпжылдық тәжірибе бойынша алғашқы ауру жағдайлары мамыр айынан бастап байқалады, – деп атап өтті Сәуле Слямғазина.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыста 5030 адамды кене шаққан. Сонымен қатар, 19 адамда кене энцефалиті тіркелген. Ауру жағдайлары облыстың бірнеше аумағында: Өскемен қаласында – 9 жағдай, Катонқарағай ауданында – 3 жағдай, Риддер, Алтай, Зайсан, Ұлан, Шемонаиха аудандарының әрқайсысында 1 жағдайдан тіркелген. Ал кене арқылы таралатын тағы бір қауіпті ауру – Лайм боррелиозы 2025 жылы 20 адамда анықталған. Оның ішінде 9 жағдай Алтай ауданында, 8 жағдай Өскемен қаласында, қалған 3 жағдай басқа аумақтарда тіркелді.

Мамандардың айтуынша, кене арқылы таралатын инфекциялар бойынша негізгі аурушаңдық кезеңі мамыр айынан басталады.

Қазіргі уақытта эндемиялық аумақтардың медициналық ұйымдарында кене шағудан зардап шеккен адамдарға аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын кене энцефалитіне қарсы иммуноглобулин препаратының қоры жеткілікті.

Шығыс Қазақстан облысының санитариялық эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше Глубокое, Зайсан, Алтай, Катонқарағай, Үлкен Нарын, Самар, Ұлан, Шемонаиха аудандары мен Риддер, Өскемен қалаларының маңайлары кене жұқпалары бойынша қауіпті ошақтар болып саналады. Мамандар көктем-жаз маусымы басталған кезде дәл осы аумақтарда кене шағу қауіпі арта түсетінін ескертеді.

Мамандардың түсіндіруінше, кенелердің барлығы кене энцефалитін тасымалдаушы емес. Эндемиялық аумақта кездесетін кенелер ғана қауіпті. Эндемиялық аумақ дегеніміз белгілі бір инфекцияның табиғи ошағы. Яғни, осындай аумақтарда ғана кене энцефалитін тасымалдаушы кенелер тіршілік етеді. Ал эндемиялық емес жерлерде кездесетін кенелер бұл инфекцияны таратпауы мүмкін. Сол себепті ондай аумақтарда кене шаққан кезде жәндікті зертханада тексеру міндетті емес екен.

– Кене тек кене энцефалиті, кене

рикетсиозы, Лайм ауруы сияқты жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын тасымалдап қана қоймайды. Сонымен қатар, олардың сілекейі ағзаға кері әсер етіп, иммунитетті әлсіретеді, аллергиялық реакциялар беріп, созылмалы аурулардың асқынуына және жергілікті әрі жалпы реакциялардың пайда болуына әкелуі мүмкін, – деді Сәуле Есенгелдіқызы.

96 САҒАТ – ШЕШУШІ УАҚЫТ

Кене шаққан адам жәндікті «Ұлттық сараптама орталығы» ШҚО бойынша филиалының аса қауіпті инфекциялар зертханасына зерттеуге тапсыруы тиіс. Зертхана меңгерушісі Мәдиша Сағатованың берген мәліметіне сүйенсек, өткен аптада зертханаға 9 кене жеткізілсе, осы аптада тағы 7 жағдай тіркелген. Қазіргі уақытта зерттелген кенелердің ішінде кене энцефалиті бойынша оң нәтиже анықталмаған. Дегенмен, бір жағдайда кене боррелиозының қоздырғышы табылып, науқас тиісті медициналық бақылауға алынған.

Зертхана меңгерушісі кене шаққан жағдайда уақытты жоғалтпау аса маңызды екенін ескертеді. Атап айтқанда, иммуноглобулин егу үшін ең тиімді мерзім – 96 сағат, яғни төрт тәулік.

– Егер адам кенені өз бетінше алып тастаса, оны міндетті түрде зертханаға тапсыру қажет. Осы уақыт аралығында науқас медициналық мекемеге жүгініп, талдау нәтижесін алып, иммуноглобулин егуі тиіс. 96 сағат – бұл шекті мерзім, – дейді Мәдиша Ескенқызы.

Алайда тәжірибеде тұрғындардың көмекке дер кезінде жүгінбеуі жиі кездеседі. Әсіресе, саяжайларда немесе елді мекендерден алыс аймақтарда болған кезде адамдар кенені кеш байқап жатады.

ТАЛДАУ МЕН ЕКПЕ: НЕ ТЕГІН, НЕ АҚЫЛЫ?

Кене шаққан жағдайда медициналық көмекке жүгінген азаматтарға бірқатар қызметтер тегін көрсетіледі. Атап айтқанда: кене энцефалитіне қарсы вакцинация, иммуноглобулин егу, кенені зерттеу (мемлекеттік тапсырыс аясында)

– Егер зерттеу оң нәтиже көрсетсе, науқас тұрғылықты жеріндегі емдеу ұйымына жіберіліп, әрі қарай бақылауға алынады. Ал кене боррелиозына қатысты зерттеулер барлық жағдайда тегін жүргізілмейді. Қазіргі таңда бұл бағытта мемлекеттік тапсырыс қарастырылмаған, сондықтан кейбір зерттеулер ақылы негізде жүргізіледі. Сонымен қатар, егер адам иммуноглобулин алмаған болса, оған ПТР әдісімен талдау тегін жасалады. Нәтижелер 24 сағат ішінде дайын болады, – деп қосты Мәдиша Сағатова.

Облыста кене энцефалитіне қарсы вакцинация жоспарлы түрде жүргізіледі. Әрбір өңірде медициналық ұйымдар тәуекел топтарын анықтап, жыл сайын вакцинация және ревакцинация жоспарын жасайды.

Вакцина республикалық деңгейде орталықтандырылған түрде сатып алынып, облысқа жеткізіледі. Одан әрі медициналық мекемелер арқылы тұрғындарға егіледі.

Егер азамат өз еркімен вакцина салдырғысы келсе, тұрғылықты жеріндегі емханаға жүгінуі қажет. Дәрігерлер алдын ала тексеріс жүргізіп, екпе алу тәртібін түсіндіреді.

САҚТЫҚ – БАСТЫ ҚОРҒАНЫС

Мамандар тұрғындарды табиғат аясында демалу кезінде сақ болуға шақырады. Жабық, ақ түсті киім кию, денені жиі тексеру, жәндіктерді жолатпайтын репелленттер қолдану, кене шаққан

жағдайда дереу дәрігерге қаралу сияқты қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтау – қауіпті инфекциялардың алдын алудың ең тиімді жолы.

Кене маусымы әлі алда. Сондықтан әрбір тұрғын өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, сақтық шараларын ұмытпауы тиіс.

КЕНЕГЕ ҚАРСЫ ӨҢДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Өңірде көктемгі кезеңге арналған дезинсекциялық және дератизациялық өңдеу жұмыстары басталды. 2026 жылға арналған жоспарға сәйкес, өңдеу жұмыстары эндемиялық аймақтарда екі кезеңде – көктем және күз мезгілдерінде жүргізіледі. Биылғы көктемгі және күзгі кезеңде кене энцефалитіне қарсы – 1340 гектарды өңдеу, туляремияға қарсы 676 гектарға дератизациялық өңдеу, 234 гектар аумаққа дезинсекциялық жұмыстар

ауылындағы саяжайлар маңы, Понтон көпірінің (оң жағындағы саяжайлар маңы), «Водоканал» саяжай қоғамдығы, Масыяновка кентінің маңы, Самар тас жолының маңы, Ахмирово кентінің маңайы, Меновное (23 шағын аудан) кентінің маңайы, Үлбі, Куленовка кенттері мен Новоявленка ауылының маңайында жүргізілді.

Бұл шаралардың негізгі мақсаты – жұқпалы аурулардың таралуына себеп болатын кенелер мен кеміргіштерді жою. Өңделген аумақтарда кене мен кеміргіштердің саны күрт азаяды. Алайда қолданылатын препараттар жоғары уытты болғандықтан, мамандар тұрғындардан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды сұрайды.

Мәдиша Ескенқызы өңдеу жүргізілген аумақтарда арнайы ескерту белгілері, тақтайшалар орнатылатынын айтты. Тұрғындарға мұндай жерлерде ауыл шаруашылығы малдарын жаюға, құстарды жіберуге және ара ұяларын



– Егер адам кенені өз бетінше алып тастаса, оны міндетті түрде зертханаға тапсыру қажет. Осы уақыт аралығында науқас медициналық мекемеге жүгініп, талдау нәтижесін алып, иммуноглобулин егуі тиіс. 96 сағат – бұл шекті мерзім, – дейді Мәдиша Ескенқызы.

жүргізу жоспарланған. Өңдеу жұмыстары 2026 жылғы 7 сәуір мен 12 мамыр аралығында облыстың эндемиялық аумақтарында жүргізіледі.

– Өңдеу барысында арнайы препараттар ыстық тұман генераторлары арқылы шашылады, сондай-ақ кеміргіштерге қарсы родентицидті жемдер таратылады. Бұл жұмыстарды 3-4 адамнан құралған төрт бригада атқарады, – деп нақтылады зертхана меңгерушісі Мәдиша Сағатова.

Көктемгі маусымда өңдеуге жоспарланған аумақ көлемі – 670 гектар. Бүгінгі таңда бекітілген кестеге сәйкес кенеге қарсы өңдеу жұмыстырының көктемгі кезеңі 7 сәуірден басталып, жоспарланған 670 га -ның 115 га аумағы өңделді.

Өскемен қаласы бойынша кенеге қарсы көктемгі өңдеу жұмыстары: Аблакетка кентінің маңы (саяжайлар, ГЭС, Станиславский зиратының маңы), Примыкания зиратының маңы, Лесхоз, Согра кенттерінің маңы, Самсоновка

орналастыруға қатаң тыйым салынады.

– Өңделген аумақтарда мал жаюға болмайды. Ұлы препараттар жануарлар мен құстарға кері әсер етуі мүмкін, тіпті олардың уланып қалу қаупі жоғары, – деп ескертті спикер.

Қазіргі таңда Өскемен қаласы мен Ұлан ауданы аумақтарында өңдеу жұмыстары толық жүргізіліп, Глубокое ауданында жалғасуда. Барлық шаралар бекітілген кестеге және ауа райы жағдайына байланысты кезең-кезеңімен іске асырылуда.

Айта кетейік, өңдеу жұмыстары Өскемен және Риддер қалаларын, сондай-ақ Ұлан, Глубокое, Самар, Күршім, Марқакөл, Зайсан, Тарбағатай, Катонқарағай, Үлкен Нарын, Шемонаиха және Алтай аудандарын қамтиды. Нақты өңделетін учаскелер туралы қосымша ақпарат тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

#АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ветеринария саласы цифрландыруға бет бұрды



Малдың амандығы – жанның аман-дығы. Шығыс Қазақстанда төрт түліктің саулығы мен халық қауіпсіздігі қатаң бақылауда: өңірде эпизоотиялық жағдай тұрақты, ал аса қауіпті аурулар жаппай таралмай, дер кезінде ауыздықталуда. Ветеринар мамандардың жүйелі жұмысы мен заманауи тәсілдердің арқасында ауыл шаруашылығы сенімді қорғалып, тұрғындар денсаулығына төнер қауіптің алдын алу күшейтілген.

Облысымызда эпизоотиялық жағдай тұрақты. Бұл туралы облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Дулат Қажанов мәлімдеп отыр. Оның айтуынша, өңірде аса қауіпті жұқпалы аурулардың жаппай таралуы тіркелмеген, ал анықталған жекелеген ошақтар дер кезінде оқшауланып, бақылауға алынған.

Мамандардың айтуынша, қазіргі кезде ерекше бақылауда тұрған аурулар қатарында құтыру, бруцеллез, аусыл және сібір жарасы бар. Бұл дерттерге қарсы тұрақты мониторинг жүргізіліп, алдын алу шаралары мен вакцинация үздіксіз жүзеге асуда. Соның арқасында өңірдегі эпизоотиялық қауіпсіздік деңгейі сақталып отыр.

Төрт түлікті қорғауда міндетті вакцинацияның маңызы зор. Бұл – мемлекет тарапынан жыл сайын жоспарлы түрде ұйымдастырылатын кешенді шара. Алдымен мал басы толық есепке алынып, бірдейлендіріледі, яғни арнайы сырғалар тағылады. Одан кейін ветеринариялық қызметкерлер ауыл-аймақтарды аралап, егу жұмыстарын жүргізеді. Барлық мәліметтер арнайы журналдарға және электрондық базаға енгізіледі. Ең бастысы, бұл жұмыстар толықтай мемлекет есебінен тегін жүргізіледі және қамту деңгейі 100 пайызды құрайды.

Сонымен қатар өңірде қаңғыбас жануарларды бақылау мен реттеу жұмыстары да жүйелі жолға қойылған. Арнайы топтар ит-мысықтарды аулап, уақытша ұстау орындарына жеткізеді. Онда жануарларға вакцинация жасалып, стерилизация жүргізіледі. Иелері бар жануарлар есепке алынып, ал қауіпті әрі агрессивті жағдайларда эвтаназия шаралары қолданылады. Бұл ең алдымен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

– Соңғы жылдардағы статистикаға сүйенсек, аса қауіпті жұқпалы аурулар спорадикалық деңгейде, яғни жаппай емес, анда-санда ғана тіркелуде. Мә-

селен, бруцеллез жекелеген мал бастарынан анықталып, санитариялық шаралар арқылы жойылады. Құтыру деректері негізінен қаңғыбас иттер мен жабайы жануарлар арасында кездеседі. Ал аусыл ауруы бойынша жағдай тұрақты – соңғы уақытта тіркелу фактілері жоқ, – дейді ветеринария басқармасы басшысының орынбасары.

Жалпы алғанда, ветеринария саласындағы жүйелі жұмыстар мен алдын алу шараларының нәтижесінде облыстағы эпизоотиялық ахуал бақылауда ұсталып, індеттердің кең таралуына жол берілмей отыр. Бұл – ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы мен халық денсаулығын қорғаудың маңызды кепілі.

ЦИФРЛАНДЫРУ – ВЕТЕРинарияНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Өңірде ветеринариялық қызмет сапасын арттыру бағытында заманауи цифрлық жүйелер кеңінен енгізілуде. Бүгінде салада бірнеше маңызды ақпараттық жүйе тиімді жұмыс істеп тұр. Атап айтқанда, жануарларды есепке алып, тіркеуге мүмкіндік беретін ИСЖ (Жануарларды бірдейлендіру ақпараттық жүйесі), ветеринариялық есеп пен бақылауды автоматтандыратын ЕАСУ, сондай-ақ «TortTulik» платформасы арқылы малға ветеринариялық паспорт рәсімдеу, сатып алу-сату келісімдерін тіркеу және жеке тұтыну үшін сою кезінде есептен шығару мүмкіндігі қарастырылған.

Сонымен қатар «VetLab» жүйесі арқылы малдың саулығына қатысты зертханалық талдаулар (қан, зәр, микробиологиялық және вирусологиялық зерттеулер) жүргізіліп, нәтижелері бірыңғай базаға енгізіледі. Ал «Мал қозғалысы» модулі жануарлардың орын ауыстыруын бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай цифрлық шешімдер деректердің нақтылығын арттырып, ветеринариялық бақылауды күшейтуде.

Мал иелері үшін ветеринариялық қызметтердің қолжетімділігі де – маңызды мәселе. Бұл бағытта облыста, әсіресе ауылдық жерлерде мемлекеттік ветеринариялық пункттер тұрақты жұмыс істейді. Мамандар тұрғындардың үйлеріне барып қызмет көрсетеді. Ең бастысы, вакцинация мен диагностика сияқты негізгі қызметтер тегін ұсынылады. Бұл – ауыл тұрғындары үшін үлкен қолдау.

– Зооноздық аурулардың, яғни жануардан адамға жұғатын аурулардың алдын алу да назардан тыс қалған жоқ.

Ветеринариялық және санитарлық қызмет мамандары халық арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Тұрғындарға қаңғыбас жануарлардан сақтану, малды дұрыс күтіп-бағу және қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде кеңестер беріледі. Сонымен қатар ақпараттық брошюралар, плакаттар мен әлеуметтік желілер арқылы кең көлемде мәлімет таратылады. Мұның барлығы адамға жұғатын аурулардың алдын алуға бағытталған, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Ал ет және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі ветеринариялық-санитариялық бақылаудың қатаң талаптары арқылы қамтамасыз етіледі. Мамандар мал сою орындарын, өндірістік цехтарды тұрақты тексеріп, өнімдерді зертханалық сараптамадан өткізеді. Сонымен бірге өнімдер міндетті түрде сертификатталып, сапа стандарттарына сәйкестігі тексеріледі. Базарлар мен сауда нысандарында санитарлық талаптардың сақталуы да қатаң бақылауда.

Жалпы, цифрлық технологияларды енгізу, қызметтердің қолжетімділігін арттыру және қауіпсіздік шараларын күшейту өңірдегі ветеринария саласының дамуына тың серпін беріп отыр.

ЖЕКЕ КЛИНИКАЛАР ЖЕЛІСІ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Облыста ветеринария саласы тек мемлекеттік деңгейде ғана емес, жеке сектор арқылы да дамып келеді. Жеке ветеринариялық клиникалардың қызметі қатаң заң талаптарына сәйкес реттеледі.

Мамандардың айтуынша, мұндай клиникалар міндетті түрде лицензия алып жұмыс істейді. Олардың қызметіне мемлекеттік ветеринариялық инспекция тұрақты бақылау жүргізеді. Тексеру барысында санитарлық нормалардың сақталуы, құжаттаманың дұрыстығы және көрсетілетін қызмет сапасы жан-жақты қаралады. Егер қандай да бір заңбұзушылық анықталса, тиісті әкімшілік шаралар қолданылады. Бұл жүйе тұрғындарға қауіпсіз әрі сапалы ветеринариялық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

– Алдағы уақытта ветеринария саласын дамыту бойынша нақты жоспарлар да айқындалған. Ең алдымен, цифрландыру үдерісі жалғасады. Жануарларды есепке алу, олардың қозғалысын бақылау және вакцинацияны қадағалау үшін жаңа ақпараттық жүйелер енгізілмек. Сондай-ақ аса қауіпті аурулардың алдын алу басты назарда қала береді. Бұл үшін эпидемиологиялық мониторинг күшейтіліп, профилактикалық шаралар ауқымы кеңейтіледі. Ветеринариялық зертханаларды жаңғырту да маңызды бағыттардың бірі, бұл диагностика сапасын арттырып, ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді, – дейді Дулат Қажанов.

Мамандардың біліктілігін арттыру да ұмыт қалмайды. Сала қызметкерлерін даярлау мен қайта оқыту жүйесі жетілдіріліп, заманауи талаптарға сай кадрлар қалыптастыру көзделуде. Сонымен қатар халыққа, әсіресе ауыл тұрғындарына қолжетімді әрі сапалы ветеринариялық қызмет көрсету басты басымдықтардың бірі болып қала береді.

Жалпы, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар ветеринария саласының тұрақты дамуына, мал шаруашылығының қауіпсіздігіне және өңірдегі эпидемиологиялық тұрақтылықты сақтауға бағытталған.

#ЕГІС

Диқандарымыз егін егу науқанына әзір

Шығыс өңірінде көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстары толық аяқталып, шаруашылықтар жаңа маусымды қарсы алуға әзір. Аймақ экономикасында маңызды орын алатын ауыл шаруашылығы саласы биыл да даму әлеуетін арттырып, өнім көлемін ұлғайтуға бағыт алып отыр.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 629,9 мың гектар алқапқа егіледі. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 пайызға артық. Егіс құрылымында дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 248,7 мың гектарды, майлы дақылдар 246,6 мың гектарды, мал азықтық дақылдар 123,4 мың гектарды қамтиды. Сонымен қатар картоп 7,2 мың гектарға, көкөніс пен бақша дақылдары 4 мың гектарға егілмек. Басымдық табысты әрі экспорттық әлеуеті жоғары дақылдарға беріліп отыр.

Көктемгі дала жұмыстарын дер кезінде жүргізу үшін өңір шаруашылықтары қажетті техникамен толық қамтылған. Бүгінде облыста 9276 трактор, 5926 топырақ өңдеу техникасы және 1692 сепкіш бар. Мамандардың айтуынша, барлық техника 100 пайыз дайын.

Шаруаларды қолдау мақсатында биыл 15,1 мың тонна жеңілдетілген дизель отыны бөлінді. Оның орташа бағасы литріне 281 теңге болып бекітіліп, нарықтағы бағадан шамамен 15 пайызға төмен ұсынылып отыр.

Тұқыммен қамту да шешімін тапқан. Жалпы қажеттілік 72 мың тонна болса, оның ішінде дәнді дақылдарға – 56,8 мың тонна, майлы дақылдарға – 7,3 мың тонна, мал азығына – 2 мың тонна, картопқа – 5,9 мың тонна тиесілі. Өңір диқандары тұқыммен толық қамтылған. Тексерілген 73,6 мың тонна тұқымның барлығы сапалы деп танылған, оның 76,5 пайызы – бірінші сұрып.

Аймақта тұқым өндірісімен негізінен ғылыми-тәжірибелік шаруашылықтар айналысады. Олардың қатарында Шығыс Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы мен майлы дақылдарға маманданған шаруашылықтар бар. Мамандардың айтуынша, күздік дақылдар қысты жақсы өткізіп, көктемде біркелкі өніп шыққан.

Топырақ құнарлылығын арттыру мақсатында биыл 45 мың тонна минералды тыңайтқыш жеткізу жөнінде келісімшарттар жасалған. Қазір оның 24,7 мың тоннасы шаруашылықтарға жеткізілді. Сонымен қатар тыңайтқыштарды өсімдік тамырына тікелей енгізудің заманауи тәсілдері кеңінен қолданылуда.

Мемлекеттік қолдау шаралары жүйелі түрде жалғасуда. Биыл өсімдік шаруашылығын субсидиялауға облыс бюджетінен 3,4 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде тұқым шаруашылығына – 1,12 млрд теңге, минералды тыңайтқыштарға – 1,65 млрд теңге, пестицидтерге – 0,62 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар суармалы суды жеткізу қызметтерін субсидиялауға да қаржы бөлінген.

Қаржылай қолдау аясында аграршыларға жеңілдетілген несиелер мен лизингтік бағдарламалар ұсынылуда. «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша шаруашылықтарға жалпы сомасы 10 млрд теңгеге 97 несие берілген. Ал жыл басынан бері 4,5 млрд теңгеге 129 ауыл шаруашылығы техникасы лизингке алынған.

Жалпы, материалдық-техникалық база мен қаржылық қолдау көктемгі егіс науқанын сапалы әрі уақтылы өткізуге толық мүмкіндік береді.

**Бетті әзірлеген –
Ержан ӘБІШ**